

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Совет патриоттарының бағалы инициативасы

Қызыл Армияны қару-жарактың, соғыс техникасы мен оқ-дәрінің барлық түрімен тынғылықты жабдықтап отырған совет өнеркәсібі тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының қосалқы бөлшектерін өндіру жөніндегі маңызды тапсырмаларды да мүлтіксіз орындауда. МТ-тарды қосалқы бөлшектермен толық жабдықтау — халық шаруашылығының маңызды міндетті орындау деген сөз.

Колхоз, совхоз далаларында ұзақтамай-ақ егіс басталады. Ауылшаруашылығында даярлық жұмыстары бар парменінше жүргізілуде, тракторлар мен барлық ауылшаруашылық құрал-саймандары тәртіпте-луде. Көп жұмыстар істелді. Жакын ара-да ССРС Халық Комиссарлары Советі МТ-стар мен совхоздардың январьда трактор ремонтты планын ойдағыдай орында-ғаны үшін Грузия ССР-на, Краснодар өлкесіне, Новосибирь, Ворошиловград, Моск-ва облыстарына Мемлекеттік Қорғау Ко-митетінің ауыспалы Қызыл туларын беріп, 1944 жылғы январьда трактор ремонтты планын артығымен орындаған 42 облысты өкілі, автономиялық және союздық рес-публикаларды атап көрсетті.

Дегенмен, 1944 жылғы көктемгі-дала жұмыстарына әзірлену жөнінде алдымызда әлі де күрделі жұмыстар тұр. Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының ремонтты барлық жерде бірдей аяқталған жоқ. Мұнымен қатар, тозған абзелдерді дереу алмастыру үшін трактор паркне егіс кезінің өзін де көптеген қосалқы бөл-шектер істек бекетінің қызыл еске алу ке-ресе.

Қосалқы бөлшектер өндіру жөніндегі мемлекет тапсырмаларын көптеген завод-тар мүлтіксіз орындауда. Бұлардың қатарында ең алдымен орташа машина құры-лысы Халық Комиссариатының кәсіп оры-ндары бар. Социалистік жарыстың январь-дағы қорытындылары бойынша Чкаловтың «Автозавод» заводы мен Омсктегі Си-бирь заводы бірінші орынға ие болып, ауыспалы Қызыл ту алды. Құйбышевтің «Автотрактордеталь» заводы мен Омскі-нің «Поршень» заводы жарыста екінші орынға ие болды. Орташа машина құры-лысы Халық Комиссариатының арнаулы бас басқармасы біріктірген кәсіп орындары январь мен февральда қосалқы бөлшек-тер өндіру планын орындау дәрежесінде жұмыс істеп, өздеріне тапсырылған ма-ңызды халық шаруашылығының міндетті ойдағыдай, мемлекет мүддесіне лайық орындауда.

Москва өнеркәсібі қазірдің өзінде ауыл-шаруашылығына дәуір сомағын қосалқы бөлшектерін берді. Москваның 160 кәсіп оры-ны МТ-старды қамқорлыққа алып, олар-ға нақтылы көмектесуде. Көптеген қала-лардың кәсіп орындары Москваның кәсіп орындарынан үлгі алды. Барлық заводта-рымыз бен фабрикаларымыздың ауыл-шаруашылығына көмектесуге мүмкіншілі-гі бар. Бүгін «Правда» да И. В. Сталин атындағы артиллерия заводы коллективі-нің көктемгі егіске даярлану және оны өткізуде, тракторларды, ауылшаруашылық машиналарын ремонттауда, механизатор кадрларын дайындауда МТ-старға нақтылы көмектесу жөнінде Советтер Союзының барлық заводтары мен фабрикаларының коллективіне арнаған үндеуі жарияланды. Завод коллективі өзін үндеуде егіннің өнімді болуын, сөйтіп Қызыл Армия мен халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті — шикі затпен қамтамасыз ету көбінесе көк-темгі егістің ойдағыдай өткізілуіне, еңал-дымен трактор паркнің жұмысына байла-нысты екендігін еске түсіреді.

Бүкіл елімізге мәлім, инициативалы әрі іскер завод коллективі-Мемлекеттік Қор-ғау Комитетінің Қызыл Армия үшін қару-жарак өндіру жөніндегі тапсырмаларын артығымен орындай отырып, көптеген басқа заводтардың коллективтері сияқты, көктемгі егіске даярлануда МТ-сқа айтар-лықтай көмек көрсетуге өзін мүмкінші-лігі бар екендігін мәлімдеді. И. В. Сталин атындағы артиллерия заводының коллек-тиві тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын үшін қосалқы бөлшектер өн-

діру жөнінде быйылғы жылдың 1-тоқсанын-дағы барлық заказды 15 мартқа дейін мер-зімінен бұрын орындауға міндеттенді. Ол қамқорлыққа алынған Межевский МТ-с-ның трактор паркін егіске және егін жый-нау жұмысына әзірлеуге де міндеттенді. Егіс егу және егін жыйнау науқаны ке-зінде қамқорлыққа алынған МТ-сқа көш-пелі ремонт мастерскойлары құрылып, маман кадрлар және абзелдермен жабды-қталмақ. Завод коллективі қамқорлыққа алынған МТ-с үшін 1 апрелге дейін 40 тракторист, ремонтшы 10 жұмысшы да-йындауға да міндеттенді.

Ауылшаруашылығында алдағы уақытта істелген жұмыстардың маңызын жете ұғы-нып және өнеркәсібіміздегі мүмкіншілік-терді еске алып, завод коллективі Совет-тер Союзының барлық заводтары мен фа-брикаларының коллективтерін 1944 жылы МТ-стар мен МТ-мны қамқорлыққа алу ісін ұйымдастыруға, егіс егу және егін жыйнау жұмыстарын өткізуде оларға кө-мек көрсетуге шақырды.

И. В. Сталин атындағы артиллерия за-воды коллективінің инициативасын бүкіл еліміздің кәсіп орындары коллективтері-нің қолдайтындығы күмәнсіз. Кәсіп оры-ндарының МТ-старды қамқорлыққа алып, қосалқы бөлшектер өндіру жөніндегі мем-лекеттік пландары сөзсіз орындауы тра-ктор паркін мемлекеттік пландардан тыс қосалқы бөлшектермен жабдықтау үшін барлық ішкі ресурсты пайдалану — мұның бәрі 1944 жылы ауылшаруашылығының а-лтын қазынасына міндеттерді орындауға ба-ғытталған шаралардың жүйесі болып са-налады.

Қазіргі міндет, қосалқы бөлшектер өн-діру жөнінде план берілген барлық кәсіп орындарының оны ең анық, жауапты за-каз ретінде мүлтіксіз орындауы болып табылады. Қосалқы бөлшектер өндіру жө-ніндегі міндеттемелерді орындауға жеңіл-желпі қараушылыққа түзуге болмайды.

Дегенмен, қосалқы бөлшектер өндіру планын деркезінде, белгіленген мерзімде орындауға барлық мүмкіншілігі бола тұр-са да, басшылары өзін инициативасыз-дығы мен дәрменсіздігін бүркемелеу үшін түрлі «бөгде себептерді» сылап шығаратын кейбір заводтар мен фабрикалар жоқ емес.

Кәсіп орындарымызда пайдаланылмаған ішкі ресурстар бар екендігі мәлім, егер заводтың әрбір басшысы бұларды шын мә-нінде жұмсай білсе, — тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналары үшін қосалқы бөлшектер өндіру планы тек толық ғана емес артығымен орындалған, сөйтіп, өнер-кәсібіміз ауылшаруашылығына айтарлық-тай көмек көрсеткен болар еді. Мүмкінші-лік бар, оларды тек пайдалана білу керек.

Егіс жұмысының басталуына аз уақыт қалды. Қосалқы бөлшектер өндіруді қа-ндай ғана болсын кешегідей ауылшаруа-шылығына зиянын тигізеді, егіннің өніміне кемшілік келтіреді. Тракторларға хажетті қосалқы бөлшектер өндіру жөнінде тапсы-рма берілген заводтар мен халық комисса-риаттарының басшылары бұл аса жауапты тапсырмаға немкетті қараушылықты жою-ға тиіс. Қосалқы бөлшектер өндіру планы бүкіл кәсіп орының өндіріс планының маңызды бөлігі ретінде мүлтіксіз орында-луға тиіс.

Совет үкметі мен большевиктік партия-ның қандай тапсырмасын болса да орын-дауда шашандық үлгісін көрсетіп отыр-ған өнеркәсібіміз бұл істе де қосалқы бөл-шектер өндіру планын ойдағыдай орын-дап, ауылшаруашылық машиналары мен трактор паркін деркезінде әрі толық жаб-дықтауға тиіс. Бұл міндетті орындауы-на барлық партия, шаруашылық ұйымда-рының, бүкіл совет жұртшылығының па-зары аударылу керек.

(«Правданың» 26 февральдағы басма-каласы).

Барлық күшіміз батыр Қызыл Армия-мыз бен даңқты Қызыл Флотымызға кө-мекке жұмсалсын! Халықтың барлық кү-ші — жауды талқандау ісіне жұмсалсын! Жеңіске жету үшін алға басаық!

(БК(б)П Орталық Комитетінің Қызыл Армияның XXVI жылдығына арнаған үндеулерінен)

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН 28 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

28 февральда ПСКОВ бағытында әскерлеріміз шабуылды өрістете оты-рып, Ленинград облысының КАРАМЫШЕВО, СЛАВКОВИЧИ, ПОЖЕРЕВИЧИ аудан орталықтарын, сол сияқты ұрыспен 450ден аса басқа елді пунктті, оның ішінде ЕГРЬЕВЩИНА, ОЛЬГИНО ПОЛЕ, СКОМОРОХОВА ГОРА, ТО-РОШИНО, БОЛЬШОЕ ЗАГОРЬЕ, ЮХНОВО-СОЛОДОВО, РЫСТАВКА, СУМСКАЯ, ГРЮКОВО, БОЛЬШОЕ ИЕ және МАЛЫЕ ПЕТИ, ЛЮТЫЕ БОЛОТА, ЗАРЕЧЬЕ, ПОДГОРЬЕ, ФИЛИСТОВО, ВЯЗОВИЦЫ, ПУСТОВО, ОДОРЬЕ, ЦВЕНЬ, ВАРИКИ-НО үлкен елді пункттері мен МОЛОДИ, ТОРОШИНО, ДУНЕВО, ПОДСЕВЬЕ, ВЕЛИКИ, КАРАМЫШЕВО темір жол станцияларын алды.

НОВОСОКОЛЬНИКИДІң солтүстік-батыс және батыс жағында әскерле-ріміз шабуыл жасай отырып, ұрыспен 200ден аса елді пунктті, оның ішінде МИХАЛКИНО, ПОДЛУЖЬЕ, СЛОБОДА, (НОВОРЖЕБТИН шығыс жағында 5 километр жерде), КЛИМОВО, ГРИВИНО, ВЕШЕЛИХА, ДЕЛЬКОВО, ТУРОВСКИЕ ХОЛМЫ, ЗАХАРИНО, ЗАЛӨЖЬЕ, ЗАПОЛЬЕ, СКОРОВО, ЧЕРНЕЦОВА, БОЛЬ-ШИЕ БОТАЛКИ, МОЛЫГИНО, ВАСЬКОВО, СЕРГЕЙЕВОВО үлкен елді пункттерін алды.

Майданның басқа учаскелерінде — барлаушыларды іздестіру болды. 27 февральда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 21 танкі-кыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 98 самолеті жойылды.

Псков бағытында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Н. құрамасының бөлімде-рі немістерді Псковтың алыс іргелерін-дегі маңызды тіректі пунктті — Торошино поселкесі мен темір жол станциясынан қуып шығарды. Бұл станция үшін болған ұрыстарда жаудың 700ден аса солдатты мен офицері жойылды, дұшпанның 7 танкі мен өздігінен жүретін зеңбіректері өрте-ді, қыйратылды. Жаудан көп адамдар қолға түсірілді. Екінші бір құрамамыз-дың бөлімдері Ленинград облысының Карамышево және Славковичи аудан ор-талықтарын алды. Олардың астындағы өзе-ңгі өтті. Бұл өзеннің батыс жағалауы-на орналасқан немістердің тіректі пункт-тері үшін болған ұрыста бір батальондай гитлершілер жойылды. Әскерлеріміз Ле-нинград облысының Пожеревици аудан орталығы мен 450ден аса басқа елді пункттерді алды. Бір ауданда советтік жүрек бөлімдері дұшпанның келетін жолын кесіп тастап, оның кері шегініп бара жатқан колонналарын талқандауда. Немістердің 500ден аса солдатты мен офи-цері жойылды. Жаудан 26 зеңбірек, 80 пулемет, 60 автомашина және соғыс мүл-кі тиелген үлкен керуені қолға түсіріл-ді.

Авиациямыз неміс әскерлерінің тылына соққы берді. Совет летчиктері бомбалар мен және зеңбірек-пулемет оғымен дұш-панның екі темір жол эшелонын қыйрат-ты, сөйтіп 170 автомашинасы мен әскер мінген және жүк тиелген ат-шаналарын жойды. Әуе ұрыстарында немістердің 12 самолеті атын түсірілді.

Новосокольникидің солтүстік-батыс же-не батыс жағында әскерлеріміз 200ден аса елді пунктті алды. Әскерлеріміз бірнеше күнгі ұрыстарда дұшпанның 3 дивизия-сын жеңіске ұшыратты. Немістерді өкшелете қудалай отырып, совет бөлім-дері Бежаницы-Новоржев тас жолының бойымен қауырт алға басты. Немістер Лыста өзенінің бойындағы аралық қорға-ну шептеріне бекінуге тырысты. Жау-уыңгерлеріміз өзеннен өтіп, Новоржев қадамының шығыс жағында 5 километр жердегі Слобода елді пунктін алды. Со-вет әскерлерінің соққысы астында кері шегініп бара жатып гитлершілер қару-жарактарын, оқ-дәрісі мен көптеген соғыс материалдарын тастап кетуде. Жаудан көп адам қолға түсірілді. Немістер Гер-манияға қулық жұмысқа айдап әкетке-бірнеше мыңдаған бейбіт адамдар азат етілді.

Летчиктеріміз әуе ұрыстарында дұш-панның 9 самолетін атып түсірді және аэродромда 32 самолетін жойды. Мұнымен

бірге, совет зенитшілері немістердің 5 самолетін атын түсірді.

Балтика теңізінде дұшпанның 5 мино-тонналық транспорты суға батырылды.

Пинскі облысында қыймыл жасаушы партизан отряды неміс гарнизонына тап-беріп, бірнеше ондаған гитлершілерді қырып салды. Совет патриоттары халық-тан немістер тонап алған екі мың астақты, 60 бөшке жанармайды, көптеген аяқ киімдерді, оқ-дәрі және басқа да жаңы қолға түсірді. Немістерден тартып алынған астық жергілікті халыққа тар-тылып берілді. Пинскі партизандарының екінші бір отряды немістердің әскер эше-лонын қулатты және танкке қарсы мылтық-тардың оғымен 8 паровозды саптам шығар-ды.

Неміс-фашист армиясының қатарында әскерден қашу және жеңілушілік иетке-салыну барған сайын етек алууда. Өткен жылдың декабрінде гитлершілер Струги Красные станциясы ауданында майданға баруға бас тартқан 600 неміс солдатты қарусыздандырып, оларды тұтқын лагерь-леріне жөнелтті. Псковтағы тұтқын ла-герьлері мен түрмелер тұтқындарға қыс-толды. Осы жылғы январьдың 5нен 31не дейінгі екі аптаның ішінде Псковқа Ле-нинград майданының түрлі учаскелерінен бұғау салынған 1.200 неміс солдатты мен офицері әкелінді. Бұл солдаттар әр түрлі неміс бөлімдерінен. Тұтқындар ешбір бұй-рықсыз өз бетімен қорғану шебі тастап, қару тастағандықтары үшін айыпталған. Мұндай тұтқындар лагері бұрынғы беси-ші Латвия жалу әскер полкінің Рига қа-ласындағы казармаларында да бар.

Киев облысының Слободка селосында неміс-фашист жауыздардың істеген аяң-дықтары жөнінде төменде ақты жария-лады: Окупация кезінде немістер сел-онын тұрғын адамдарын тонады, ешбір жа-зықсыз көптеген адамдарды азаптап өлтір-ді. Гитлершілер әсіресе совет интелек-уалдарына өшпін оларға қуғын жасады. Фашист жеңілеттердің қолынан оқытушы-лар мен оқытушы әйелдер Гиторий Каче-ренко, Виктор Гнатев, Иван Курьян, Ольга Абрамова, Филипп Андрюшенко, Федор Михайлов және Лунья Скоба қа-за тапты. Гитлерші аюандар ауруханаларды, электр станциясы, қолхоздың өзендегі плотинасы мен су қоймасын жойды, мо-лохдың тамаша паркін ағаштарын түс-қоймай кесіп тастады. Немістер селон-күйзеліп, кері шегінерде көптеген үйлер-ді және қолхозшылардың шаруашылық құрылыстарын өртеп жіберді.

В. М. Молотов жолдас Канаданың елшісі Д. Уилгресс мырзаны қабылдады

28 февральда Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов жолдас Канаданың Төтенше және Полномочиелі Елшісі Д. Уил-гресс мырзаны оның ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председа-теліне сенім грамоталарын тапсыруына байланысты қабылдады.

РЫНЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ БЛКЖС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН КЕҢЕС

БЛКЖС Орталық Комитетінде Өнеркәсіп Халық Комиссариаттарының Халық Комиссарлары орынбасарларының және Москва мен Москва облысы комсомол ұйымдарының басшы қызметкерлерінің кеңесі болды, мұнда комсомол-жастар бригадаларының жұмысы туралы мәселе талқыланды.

БЛКЖС Орталық Комитетінің секретарі Харламов жолдас баяндама жасап, еліміздің кәсіп орындарында қазір комсомол-жастардың 60 мыңнан аса майдандық бригадалары бар екендігін мәлімдеді. Өткен бір жарым ай ішінде бұлардың саны 14 мыңнан аса көбейді.

Мемлекеттік 1-подшипник зауытының жұмысшысы комсомолка Барышникованың инициативасын еліміздің жұмысшы жастары белсенділікпен қолдады. 8 мың бригаданың жұмыс күнін өнімді пайдалану, мамандықты арттыру, кеп станокті қамту ісіне жету есебінен 37 мың жұмысшыны басқа учаскелерге жұмысқа босатты.

Жарыс сөзге сөйлеген жолдас-тар Бүкілсоюздық кеңестің қаулысы бойынша жұмысшылардың игілігіне айналдырылу керек екендігін айтты. Жакын арада комсомол-жастардың цехтық және заводтық жыйылыстарында бригадирлердің баяндамалары тыңдалу керек. (ТАСС).

ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕҢЕС

21—24 февральда КК(б)П облыстық, қалалық, аудандық комитеттерінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімдері менгерушілерінің республикалық кеңесі болып өтті. Кеңесте әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімдердің 1944 жылғы жұмыс тәжірибесі және олардың міндеттері туралы мәселе талқыланды. КК(б)П Орталық Комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің менгерушісі Жангірова жолдастың баяндамасы бойынша 20 адам сөз сөйледі.

Кеңесте Қазақ ССР халық шаруашылығының салаларында әйелдердің істеген жан қыярлық еңбегінің айқын фактылары келтірілді. Отан соғысы жылдарында Қарағандың шахтыларында жұмыс істейтін әйелдердің саны 4,5 есе көбейді. Олардың көпшілігі өндіріс мамандықтарын менгерді. Бассейнде әйелдерден 46 навалотбойшыкер бригадалары құрылды. Республикамыздың түсті металлургия кәсіп орындары жұмысшыларының ген жартысы әйелдер. Темір жол транспортында жұмыс істейтін әйелдердің саны екі есе өсті. Соғыс уақытында Қазақстанның ауылшаруашылығы үшін механизатор кадрларын дайындау жөнінде көрнекті жұмыстар істелді.

Республикада 4.269 әйелдер сөзеті сайланды. Бұлар аса зор ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді.

Кеңеске қатынасұшылар өзара тәжірибе ауысып, әйелдерді егіннен мол өнім алу және ауылшаруашылық продуктіларын неғұрлым мол өндіру жолындағы күреске, өнеркәсіп орындары мен мәдени-тұрмыс мекемелерінің жұмыстарына бұрынғыдан да көп қатыстыру үшін нақтылы шаралар белгіледі.

Кеңестің қортындысында КК(б)П Орталық Комитетінің секретарі Шайхметов жолдас сөз сөйледі.

И. В. Сталин атындағы артиллерия зауытының жұмысшылары, қызметшілері мен инженер-техник қызметкерлері коллективі нің Советтер Союзының заводтары мен фабрикаларының барлық коллективтеріне үндеуі

Совет халқының кемеңгер кесемі Сталин жолдас Ұлы Октябрь социалистік революциясының 26 жылдығы туралы баяндамасында совет адамдарының майданға көмектесуде істеген жанқиярлық еңбегін жоғары бағалады.

Қазір, жеңіс жолында біржолата жеңіп шығу сағаты жақындаған кезде, жеңімпаз Қызыл Армияның ештенеден тарықпауы үшін біздің завод өзінің күшін аянбай жұмсауға әзір.

Қызыл Армияны азық-түлікпен жабдықтау ісінде социалистік ауыл шаруашылығының ішкі маңызы бар. Қазір ауыл шаруашылық жұмыстарының қауырт кезеңі — көктемгі егіске даярлану және оны өткізу кезеңі келді. Егіннің өнімді болуы, Қызыл Армия мен халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті — шикізатпен қамтамасыз ету көбінесе көктемгі егістің ойдағыдай өткізілуіне, ең алдымен трактор паркінің жұмысына байланысты.

Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Қызыл Армия үшін қару-жарақ өндіру жөніндегі тапсырмаларын ойдағыдай толық және артығымен орындап отырған біздің завод еліміздің кептеген басқа заводтары сияқты, көктемгі егіске даярлану және оны өткізуде, ең алдымен тракторларды, ауыл шаруашылық машиналарын ремонттауда және механизатор кадрларын дайындауда МТС-тарға зор көмек көрсетуді ұйғарды.

Біз мынаған міндеттенеміз:

1. Трактор мен ауыл шаруашылық машиналары үшін қосалқы бөлшектер өндіру жөнінде 1944

жылдың 1 тоқсанына белгіленген барлық заказды 1944 жылғы 15 мартқа дейін мерзімінен бұрын орындаймыз.

2. Қамқорлыққа алынған Межевскі МТСның барлық трактор паркінің көктемгі егіске, сол сыяқты егін жыйнауға әзірлеуді қамтамасыз етеміз.

3. Егіс егу және егін жыйнау кезінде қамқорлыққа алынған МТС-та көшпелі ремонт мастерскойларын ұйымдастырып, бұларды маман жұмысшылармен және әбзелдермен қамтамасыз етеміз.

4. Қамқорлыққа алынған МТС үшін 1944 жылғы 1 апрельге дейін 40 тракторист, ремонтшы 10 жұмысшы даярлаймыз.

Біз И. В. Сталин атындағы артиллерия зауытының жұмысшылары, қызметшілері мен инженер-техник қызметкерлері Советтер Союзының барлық заводтары мен фабрикаларының коллективтерін МТС-тар мен МТМ-ларды қамқорлыққа алу ісін ұйымдастырып, 1944 жылдың егіс мен егін жыйнау жұмысын өткізуде оларға көмек көрсетуге шақырамыз.

Завод коллективінің тапсыруы бойынша:

Завод директоры ЕЛҰН, БК(б)П Орталық Комитетінің парторгі ЛИНЕТ, завод комитетінің председателі БЕЛОПРОСОВ, БЛКЖС Орталық Комитетінің комсоргі ГУСЕВ.

(Үндеу завод жұмысшыларының, қызметшілері мен инженер-техник қызметкерлерінің цехтық жыйылыстарында қабылданды).

Туысқандық көмек

КІШКЕНЕ КӨЛ. (Арнаулы тілшімізден) Орел облысының неміс-фашист оккупанттардан азат етілген аудандарының шаруашылығын қалпына келтіру ісінде Қызылту еңбекшілері ерекше белсенділік көрсетуде. Бұл ауданның колхозшылары Орел облысының еңбекшілеріне көмек ретінде өздерінің жеке меншіктерінен 364 ірі қара мал, 500 қой және ешкі, 1 000 тауық, 8 ш. шка, 400 килограмм жүн және 1.500ден аса түрлі жылы киім, үй ішінің әбзелдерін жыйнады.

Қаратал ауыл советіндегі «Қазақстанның 20 жылдығы» ауылшаруашылық артелінің (председателі

Калиев жолдас) мүшелері тамаша патриоттық көрсетті. Олар орелдіктарға көмекке арып 22 ірі қара мал, 14 қой, 30 тауық, үй шаруашылығына керекті 250 зат тапсырды.

Қызыләскердің әкесі Жумабаев, колхозшы Балпышев, отан соғысына қатысқан жауынгер Мусалиев жолдастар әр қайсысы бір ірі мал берді. Сол сыяқты. „Қыстау ағаш“, Киров атындағы колхоз, „Өрнек“, Калинин атындағы колхоздардың мүшелері азат етілген аудандардың еңбекшілеріне туысқандық көмек көрсету ісіне белсене қатынасуға.

40,1 тонна темекі өндірді

Петропавл темекі фабрикасының жұмысшылары батыр Қызыл Армияның 26 жылдық мерекесі алдындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындады. Олар продукция өндірудің февраль айлық программасын уақытынан бұрын 23 февральға дейін толық орындады. Фабрика коллективі бұл 23 күннің ішінде 40,1 тонна темекі өндірді. фабрика

жұмысшылары батыр жауынгерлеріміз үшін март айында темекіні неғұрлым мол өндіруге, сөйтіп айлық программаны едәуір артық орындауға міндеттеме алды.

Қазір фабрика коллективі өздерінің бұл міндеттемелерін мүлтіксіз орындау үшін күш жұмсауда.

БЕЛЯНОВ,
Темекі фабрикасының партия ұйымының секретарі.

ЕГІНШІ КОЛХОЗШЫЛАР ҮШІН

Облыстық колерер союзының артельдері облыс колхоздарының көктемгі егіске сақайдай — сай әзірленулеріне көмектесу мақсатымен 1944 жылдың өткен екі айы ішінде өндірістік программаны едәуір артық орындай отырып, планнан тыс 25 арба, 37 пар қамыт-сайман, 2.500 килограмм арқан және егіс кезін-

де колхозшылардың жұмысқа үздіксіз қатынасуы үшін 1.000 пар аяқ киім, 2 500 килограмм сабын және колершілер март айында тағы да 150 арба, 320 пар қамыт-сайман, 2.000 килограмм арқан, 3 тонна арба майын және басқа бұйым өндірімек болды.

Е. МАЛАЕВ.

ЮГОСЛАВИЯ ПАРТИЗАНДАРЫНЫҢ БРАЧ АРАЛЫНА КЕЛІП ТҮСУІ

ЖЕНЕВА, 26 февраль. (ТАСС). Югославиядан түскен хабар бойынша, Югославия партизандары Брач аралына (Адриатик теңізінде Оплит қаласының оңтүстік жағында) келіп түскен. Милна қаласының маңында, аралдың батыс бөлегінде десанттық урыс қыймылдары жүргізіліп, ол ойдағыдай аяқталған. Германияның оккупацияшыл өкмет орындары орасан көп шығынға ұшыраған.

Маршал аралында жапонның екі гарнизонының апатқа ұшырауы

ТОКИО, 26 февраль. (ТАСС). Домей Цусин агенттігінің хабары бойынша, 30 январьдан бастап жапон әскерлері Квадьбелин және Лусст аралында (Маршал аралдары) атака жасаған одақтастардың ірі күштеріне қарсы ауыр урыстар жүргізді. 1 февральда одақтастар әскерлері бұл аралдарға келіп түскеннен кейін урыс өте-мөте қатты болды. Осының нәтижесінде жапонның қатарында 4.500 адам бар әскерлері апатқа ұшырады. Екі гарнизонды басқарған контрадмиралдар Адам мен Алиям да өлді.

Германия самолеттерінің Англияға шабуылы

ЛОНДОН, 25 февраль. (ТАСС). 25 февральға қараған түнде неміс самолеттерінің Лондон, шикі графтық және оңтүстік-шығыс Англия үстіне ұшып келгендігі Лондонда ресми түрде хабар етілді. Лондон ауданына бомбалар тасталды. Бұдан материалдық шығын болды. Халық арасында адам шығыны бар. Басқа пункттерде шығын онша емес. Адам шығыны аз. Дүшпанның 10 самолесі атып түсірілді.

Венгрияда бөртпе сүзектің ершуі

СТАМБУЛ, (ТАСС). Баспа сөздің хабары бойынша, январьдың орта шенінде Венгрияның оңтүстік аудандарында бөртпе сүзек ауруы қаулаған. Дәрігерлер мен дәрі-дәрмектің жеткіліксіздігімен ауру етек алған. Адам өлімі 90 процентке жеткен. Аурудың жаппай стек алуы байқалған аудандарды өкмет орындары елдің басқа жерінен бөліп тастаған. Бір айлан аса уақыттан бері бұл аудандармен қатынас үзілген.

Шетел хабарлары

Мексикада Мексиканың „соғыста Ресейге көмектесу жөніндегі комитеті“ ұйымдастырған орыс музыкасы концерті зор табыспен өтті. Концертке жыйналған жұртшылық Чайковскийдің, Шостаковичпен Мясковскийдің шығармаларын зор ықласпен тыңдады.

22 февральда Пунде (Индия) Гандидің 18 ай бойыла тұтқында болған 74 жастағы әйелі өлген. Оксфорд университетінде (Англия) орыс кафедрасы құрылмақ.

Жауапты редактор Ө. ОСПАНОВ.

„Ударник кинотеатрында

Бүгін және күн сайын

„Майдан“

деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады. Касса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.